



город Алматы ул. Райымбека дом 82/90 кв.96
тел: _____; сот:+7 702 383 79 83

Алматы қ-сы Райымбек даңғылы 82/90 үй, 96 пәтер
тел: _____; ұялы телефон:+7 702 383 79 83

N 238
05.07.19 ж.

ҚР Жоғарғы сотының төрағасы
Ж. Қ. Асановқа

Құрметті Жакып Қажыманұлы! “КЕШ” құқық қорғау орталығы сізге құрмет білдіре отыра, Алматы қаласы тұрғындары Ишпекбаева Айгерим, Қалқаманұлы Ұлан, Шайқатов Ескелді, Қапыш Маржан, Бартай Ұлан, Нұрлыбаева Гүлжан, Маманова Гулзат, Асаутаев Жаксылық, Төлегенов Айбек, Кемербек Ф, Еркеев Е, Сергебековтің сенімді өкілі ретінде, Жетісу ауданының сот төрағасы Мятбеков Е.Т мырзаға, №197515031000418 санды қылмыстық іс бойынша, әділ шешім шығарғаны үшін, істі жан жақты қарап, толық зерделей отырып, айыпталушыға тиісті жаза кескеніне ризашылық білдіреді! Жәбірленуші тарап атынан біздің де алғысымыз шексіз! Аталмыш тұрғындар 1994 жылы туылған Ермек Айдын Мұратұлынан жәбір шегіп, алаяқтық жолымен “Тұрғын үй құрлыс жинақ банкінен” кезекке тұру арқылы пәтер шығарып беремін” деген уәдемен, бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында, сеніміне кіре отырып, жәбірленушілердің ақшасын алған, алаяқтық жолмен табыс табуды көздеген еді. Алматы қаласының тұрғындары яғни аталмыш жәбірленушілердің көз жасы ақталды. Өмірлерінде алғаш рет алаяқтық іспен байланысып, заң құзыретіне жүгінген қала тұрғындары (жәбірленуші тарап) нақты құқықтық заң актілерінің механизмін түсінген сәтте өздері де қателіктерін ішнара мойындай отырып, мұндай заңсыздықтың бұдан былай орын алмауын қалайды. Сөз соңында, Жетісу аудандық сот төрағасының қызметіне - табыс, өзіне зор денсаулық, бала шағасының қызығын көру бақыты жазсын дей отырып, тағдыршешер түйін айтып, үкім беру жауапкершілігінің салмағы мен маңызына шағым беруші тарап тұрғындар әр отырыста тәнті болды. Біз де, тәртіп пен құқықты қадағалаушы өз орталығымыздың атынан Сіздердің қызметтеріңіз бен әділ шешімдеріңізге орнықты баға береміз!

Құрметпен,

“КЕШ” құқық қорғау
орталығының директоры



К.Е Шинтекова.

Казакстан Республикасының
Жоғарғы Соты
-23- 04 2019 ж.
Кіріс № 2989 Бет 1

10/5